Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің докторанты Ордаева Айгул Жумабердиевнаның 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісі з.ғ. к., (PhD) қауымдастырылған профессор, Ұлттық Заң Академиясының академигі Битемиров Қайрат Тұрлыбайұлының

ПІКІРІ

Қазіргі таңда Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері аса маңызды бағыттардың біріне айналуда. Сталкинг (ізге түсу) зерттеулерінің нәтижесінде алынатын деректер – құқықтық қорғау ғана емес, сонымен қатар мүліктік емес қатынастарға қол сұғуының алдын алуын қажет ететін заңнамалық реттеуді талап етеді. Осы ретте, Ордаева Айгул Жумабердиевнаның докторлық диссертация тақырыбы – «Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері» – өзінің теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

Ізденушінің тақырыпты таңдауы ғылыми тұрғыдан негізделген, заманауи технологиялармен бірге қарқынды дамып келе жатқан адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелерін тереңінен талдауға бағытталған. Диссертациялық жұмыста мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау, дербес деректердің қауіпсіздігімен байланысы және адам құқықтарын қорғау аясында жан-жақты сараптама жасалған. Сонымен қатар, зерттеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, оңтайлы ұлттық заң қабылдауды қарастырған.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы тақырып бойынша саралау мен талдау жүргізген сарапшылардың жеке және ұжымдық ғылыми еңбектері, бірқатар халықаралық ұйымдардың (яғни әмбебап, аймақтық және арнайы мамандандырылған) мен мемлекеттік органдардың ресми түрде жариялаған материалдардың, сонымен қатар зерделеуге қажетті ғылыми материалдардың жиынтығы құрайды. Ізденуші осы бағыттағы жақын алыс шетелдік тәжірибелерін (Германия, Өзбекістан Республикасы, Ресей Федерациясы, АҚШ, Беларусь Республикасы және Түркия Республикасы) салыстыра отырып, Қазақстанның құқықтық жүйесіне бейімдеуге болатын құқықтық тетіктерді нақты ұсынған.

Зерттеудің әдіснамалық негізі де кең ауқымды: диалектикалық, салыстырмалы-құқықтық, құрылымдық-функционалдық, жүйелі-құқықтық талдау әдістері бір-бірімен үйлестіріле отырып пайдаланылған. Мұндай

ғылыми әдіснама жұмыстың нәтижелерін сенімді және ғылыми негізделген етіп көрсете алды.

Ізденуші диссертацияны орындау барысында жоғары ғылыми мәдениет пен жауапкершілікті танытты. Зерттеу процесінде ғылыми дербестік танытып, зерттеу нысанына терең бойлай білді, заманауи ғылыми базаларды, халықаралық құқықтық актілер мен құқықтық нормаларды кеңінен қолданды. Академиялық талаптарға сай келетін тілдік стилі мен зерттеу мәдениеті де айқын көрініс тапқан.

Ордаева Айгул Жумабердиевна ұсынған нәтижелер тек теориялық қана емес, сонымен бірге құқық қолдану тәжірибесінде де маңызды рөл атқара алады. Оның ішінде: сталкинг(ізге түсу) құқық бұзушылықтың алдын алу, зерттеу жүргізудегі құқықтық регламенттері, дербес деректерді қорғау қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу Қазақстан Республикасының құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған.

Аталған диссертациялық жұмыстың мазмұны, құрылымы, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңызы жоғары. Ізденуші сталкинг(ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері құқық саласындағы зерттеулердің отандық базасын қалыптастыруда алғашқы қадам жасап отыр деп толық сеніммен айтуға болады.

Осыны есепке ала отырып, Ордаева Айгул Жумабердиевнаның «Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға ұсынылады деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесшісі:
Заң ғылымдарының кандидаты,
(PhD) қауымдастырылған профессор,
Ұлттық Заң Академиясының академигі **Битемиров Қ.Т.**

ҚҰПЫЯ ҚАСТАЙМЫН
ҚЖҚ бөлімінің
басшысы